

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі мәселелері жөніндегі консультативтік комитет туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 36 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 7 және 44-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі мәселелері жөніндегі консультативтік комитет құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі мәселелері жөніндегі консультативтік комитет туралы ереже бекітілсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия

Алқасының Төрағасы

В. Христенко

Еуразиялық экономикалық комиссия

Алқасының 2015 жылғы

27 сәуірдегі № 36 шешімімен

БЕКІТІЛГЕН

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің
еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын
сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі
мәселелері жөніндегі консультативтік комитет туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі мәселелері жөніндегі консультативтік комитет (бұдан әрі тиісінше – Комитет, мүше мемлекеттер, Одақ) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының (бұдан әрі – тиісінше Алқа, Комиссия) жанынан құрылады.

Комитет Еуразиялық экономикалық комиссияның мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі саласында Одақ аумағында мүше мемлекеттер еңбекшілерінің еңбек қызметін жүзеге асырудың тең шарттарын қалыптастыруға, осы саладағы уәкілетті органдардың өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар қолдану мәселелері бойынша Комиссия үшін ұсынымдар дайындауға бағытталған келісілген саясат жүргізу мәселелері жөніндегі консультативтік органы болып табылады.

2. Комитет өз қызметінде 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, басқа да халықаралық шарттар мен Одақ құқығын құрайтын актілерді, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. Комитеттің негізгі міндеттері мен функциялары

3. Комитеттің негізгі міндеттері:

а) Комиссия үшін мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі мәселелері жөнінде ұсынымдар дайындау;

б) мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі мәселелері бойынша консультациялар өткізу;

в) мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі саласындағы уәкілетті органдардың өзара іс-қимылы бойынша ұсыныстар дайындау;

г) мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі саласында мүше мемлекеттер үшін Комиссия ұсынымдарының жобалары бойынша ұсыныстар дайындау;

д) консультациялар өткізу шеңберінде, соның ішінде еңбек көші-қоны мәселелері құзыретіне жататын Алқа мүшесінің тапсырмасы бойынша мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі саласындағы өзге де мәселелерді қарау, сондай-ақ көрсетілген мәселелер бойынша ұсыныстар дайындау болып табылады.

4. Өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін Комитет мынадай функцияларды жүзеге асырады:

а) мыналарға:

халықаралық шарттарға және Одақ құқығын құрайтын актілерге, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасына;

мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі саласында мүше мемлекеттердің заңнамасын іске асырудың құқық қолдану практикасына;

тиісті салалардағы халықаралық ұйымдардың қызметіне талдау жүргізуге қатысады;

б) мынадай:

мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі саласындағы мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру;

мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі саласындағы келісілген саясатты мүше мемлекеттердің жүргізуінің тиімді тетіктерін қалыптастыру және қағидаттарын тұжырымдау;

мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі саласындағы уәкілетті органдар, халықаралық ұйымдар және Комиссия арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастыру;

мүше мемлекеттердің халықаралық шарттардың және мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі саласындағы Одақ құқығын құрайтын актілерінің ережелерін орындауына мониторинг жүргізу және бақылау жасау тәртібін жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар дайындайды;

в) өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асырады.

III. Комитеттің құрамы

5. Комитеттің құрамы мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі саласындағы мүше мемлекеттер уәкілетті мемлекеттік билік органдарының басшыларынан (басшылардың орынбасарларынан) қалыптастырылады.

Комитеттің құрамын қалыптастыру үшін Алқа мүше мемлекеттерден мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары уәкілетті өкілдерінің кандидатуралары бойынша ұсыныстар сұратады.

Мүше мемлекеттердің ұсынысы бойынша Комитет құрамына бизнес қоғамдастықтың, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, өзге де тәуелсіз сарапшылар енгізілуі мүмкін.

Мүше мемлекеттер Алқаға мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының Комитеттегі уәкілетті өкілдерін ауыстыру қажеттігі туралы уақытылы хабардар етеді, сондай-ақ оның құрамына өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар береді.

Комитеттің құрамы Алқаның өкімімен бекітіледі.

6. Құзыретіне еңбек көші-қоны мәселелері жататын Алқа мүшесі Комитеттің отырыстарына төрағалық етеді және Комитеттің жұмысына жалпы басшылық (бұдан әрі – Комитет төрағасы) жасайды.

7. Комитет төрағасы:

а) Комитеттің қызметіне басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттерді орындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

б) Комитет отырысының күн тәртібін келіседі және бекітеді, оны өткізу күнін, уақытын және орнын айқындайды;

в) Комитеттің отырысын жүргізеді;

г) Комитет отырыстарының хаттамаларын бекітеді;

д) Комиссияның Алқасын және Кеңесін Комитет тұжырымдаған ұсынымдар туралы хабардар етеді;

е) кіші комитеттер, сараптамалық және жұмыс топтары туралы ережені және олардың құрамын бекітеді;

ж) Комиссия Алқасының және Кеңесінің отырыстарында және Одақтың өзге органдарымен өзара қарым-қатынастарда Комитет атынан өкілдік етеді.

8. Комитеттің жауапты хатшысын Комиссияның құзыретіне Комитет қызметінің бағыттары жөніндегі мәселелер жататын лауазымды адамдарының немесе қызметкерлерінің арасынан Комитеттің төрағасы тағайындайды.

9. Комитеттің жауапты хатшысы:

а) Комитет төрағасы мен Комитет мүшелерінің ұсыныстары бойынша Комитет отырысы күн тәртібінің жобасын дайындайды және оны Комитет төрағасына бекітуге береді;

б) Комитеттің күн тәртібі жобасына және отырысына материалдардың дайындалуы мен берілуін бақылауды жүзеге асырады;

в) Комитет отырысының бекітілген күн тәртібі мен оған қатысты материалдарды дайындайды және Комитет мүшелеріне жібереді;

г) Комитет мүшелерін Комитеттің кезекті отырысының өтетін күні, уақыты және орны туралы хабардар етеді;

д) Комитет отырысының хаттамасын жүргізеді және оны Комитет төрағасына бекітуге ұсынады;

е) Комитет отырысының нәтижелері бойынша дайындалған қорытынды құжаттарды дайындауды ұйымдастырады және оларды Комитет мүшелеріне жеткізеді;

ж) Комитеттің хаттамалық шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

10. Комитет төрағасының шақыруы бойынша Комитеттің отырысына құзыретіне Комитеттің отырысында қаралатын мәселелер жататын Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлері қатысуы мүмкін.

11. Комитет төрағасының шешімі бойынша Комитет отырыстарында құзыретіне мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі саласындағы мәселелер жататын Комиссия департаменттерінің қарауы үшін ұсынылған, отырыстың күн тәртібіне енгізілмеген мәселелер қаралады.

12. Комитет жанынан Комитет қызметінің бағыттары жөніндегі мәселелерді шешу үшін кіші комитеттер және қажет болған кезде сараптамалық және жұмыс топтары, соның ішінде нақты міндеттерді шешу үшін жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

Кіші комитеттің, сараптамалық және жұмыс топтарының құрамы құзыретіне мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі саласындағы мәселелер жататын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен сарапшыларының өкілдері арасынан қалыптастырылады.

IV. Комитеттің жұмыс тәртібі

13. Комитет отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

14. Комитет отырыстарын өткізу туралы шешімді Комитет төрағасы қабылдайды.

15. Комитет отырысының күн тәртібінің жобасын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды Комитеттің мүшелері Комитеттің төрағасына жібереді.

Комитет отырысының күн тәртібіне енгізу үшін мәселелер ұсынған Комитет мүшелері Комитеттің жауапты хатшысына ұсынылған мәселелер бойынша ақпарат және материалдарды жіберуді қамтамасыз етеді.

16. Комитет төрағасының мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі саласындағы уәкілетті органдардан және Комитет мүшелерінен Комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша материалдар мен ақпаратты белгіленген тәртіппен сұратуға құқығы бар.

17. Комитет отырысының күн тәртібіне қатысты материалдар:

- а) қаралып отырған мәселелер бойынша анықтамаларды;
- б) қарауға ұсынылатын құжаттардың жобаларын (бар болған кезде);
- в) хаттамалық шешімдердің жобаларын;
- г) Комиссия үшін ұсынымдардың жобаларын;
- д) қажетті анықтамалық және талдамалық материалдарды қамтиды.

18. Комитеттің жауапты хатшысы Комитет отырысының күн тәртібін және оған қатысты материалдарды, соның ішінде электрондық түрде Комитет отырысы өткізілетін күнге дейін 20 жұмыс күнінен кешіктірмей Комитет мүшелеріне жібереді.

19. Комитеттің отырыстары әдетте Комиссияның үй-жайларында өткізіледі.

Комитет отырысы мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнеткерлік құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі саласындағы уәкілетті органдардың ұсыныстары негізінде қабылданатын Комиссия төрағасының шешімі бойынша мүше мемлекеттердің кез келгенінде өткізілуі мүмкін. Бұл жағдайда қабылдаушы мүше мемлекет Комитет отырысын ұйымдастыруға және өткізуге жәрдем көрсетеді.

Комитет төрағасының шешімі бойынша Комитет отырысы бейнеконференция режимінде өткізілуі мүмкін.

20. Комитет отырысы, егер оған мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, құқылы болып саналады.

Комитет мүшелері Комитет отырыстарына құқығын ауыстырмай жеке өзі қатысады.

Комитет мүшесінің отырысқа қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда, оның қаралатын мәселе бойынша өз пікірін алдын ала жазбаша нысанда беруге құқығы бар.

21. Егер Комитет мүшелерінің пікірі бойынша мәселе қосымша пысықтауды талап ететін болса, олар бұл мәселені Комитеттің қарауынан алып тастауды ұсына алады.

22. Комитет мүшелерінің Комитеттің отырысында мәселелерді талқылау кезінде тең құқықтары бар.

Комитеттің шешімдері отырысқа қатысқан Комитет мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Комитеттің мүше мемлекетті білдіретін мүшелері жиынтығында 1 дауысқа ие болады.

Комитет отырыстарының шешімдері Комитет мүшелерінің позициялары тіркелетін хаттамамен ресімделеді.

Егер Комитет мүшесінің ерекше пікірі болған жағдайда, ол жазбаша нысанда жазылады және Комитет отырысының хаттамасына қоса тіркеледі. Комитет отырысының хаттамасына қаралып отырған құжаттардың жобалары бойынша ұсыныстар, анықтамалық және талдамалық материалдар және тиісті негіздемелер де қоса тіркелуі мүмкін.

Комитет мүшелерінің Комитет отырыстарында берген ұсыныстары мүше мемлекеттердің түпкілікті позициясы ретінде қаралмауы мүмкін.

Комитет отырысының хаттамасын Комитет төрағасы Комитет отырысы өткен күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей бекітеді.

Комитеттің жауапты хатшысы Комитет отырысының хаттамасын оны Комитет төрағасы бекіткен күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде Комитеттің барлық мүшелеріне жібереді.

Комитет төрағасының шешімі бойынша Комитет отырысының хаттамасы немесе одан үзінді-көшірме Комитет отырысына шақырылған қатысушы адамдарға жіберілуі мүмкін.

Комитет отырыстарының хаттамалары Комитеттің жауапты хатшысында сақталады .

23. Мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының уәкілетті өкілдерінің Комитеттің отырыстарына қатысуына байланысты шығыстарын жіберуші мүше мемлекеттер көтереді.

Бизнес-қоғамдастықтың, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, өзге де тәуелсіз сарапшылар Комитеттің отырыстарына қатысуға байланысты шығыстарды өздері көтереді.

24. Комитеттің қызметін ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді Комиссия жүзеге асырады.